

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«BAIQA, PIRAMIDA!»



Цифрлық технологиялар дамыған сайын адам өмірін жеңілдетуге бағытталған құралдар түрі күн санап көбеюде. Электрондық қызметтер, интернет-банкинг, онлайн сауда – мұның бәрі заман талабына сай қажеттіліктерге айналды. Алайда, бұл үдерістермен қатар көлеңкелі құбылыстар да қатар дамып жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)

Ақиқатын айтуымыз керек, ақпараттық хабарлар мен әлеуметтік желі арқылы ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмірдің зейнеткерлік демалысына шыққаны туралы хабарды екіұдай сезіммен қабылдадық. Әрине, демалысқа шығудың қандай түрі болса да жаман емес. Оның үстіне, халқына қадірі жоғары, заңның тайпалған жорғасы, еңбекқор торысы дерлік абыройлы адамның осыншама жауапты қызметтерден соң, қажымай-талмай, жүйкесі желінбей, уақытылы демалысына шығуы дұрыс та сияқты.

Қалай болғанда да, заң мен сот саласына ұзақ жыл қызмет етудің өзі оңай жүк емес. Ал енді Досжан Сарманқұлұлы секілді заң саласының үнемі желдің өтінде тұрған, еңбек жолын қатардағы сот қызметкерінен бастап, үнемі ізденіс, биік талабымен қарыштап өскен, қалалық және облыстық соттың барлық сатысынан өткен, үш облыстық соттың төрағалығын атқарған, кейінгі жылдары Астанаға табан тіреп, Жоғарғы Сотта еселі еңбек еткен заңгер үшін маңызы еселене түсері сөзсіз. Мұндай тұғыры биік, зор талапшыл заңгердің үнемі қайралған қылыштай бабында болуы, алдаспандай алымды, құрыштай қайратты, жігерлі қалпынан айнымауы оңай бола бермес.

(Жалғасы 5-бетте)

САРАП

ЖАСТАРДЫ РАДИКАЛИЗМНЕН
ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Әлемнің қандай елі болсын, экстремизм мен терроризм қаупінен сақтандырылмаған. Замана дерті тұтас әлем жұртшылығын, соның ішінде Қазақстан қоғамын да алаңдатқан аса өзекті мәселелердің біріне айналған. Діннің атын жамылып, әлемде бейбітшілікке қауіп төндіріп тұрған терроризм – құқық қорғау, құзырлы мемлекеттік органдар мен ұлттық қауіпсіздік қызметіне дейін тізе қосып әрекет ететін маңызды әрі жауапты міндет.

Бұл тек мемлекеттің қауіпсіздігіне ғана емес, сонымен қатар, әрбір отбасының амандығына, балаларымыздың болашағына тікелей қатер төндіріп отырғаны рас. Сондықтан, терроризмнің табиғатын түсініп, оның алдын алу жолдарын нақтылаудың маңызы зор...

Экстремизмге нақты анықтама берсек, бұл – қоғамдық тәртіп пен тыныштыққа қарсы бағытталған, радикалды көзқарастар мен зор-

лық-зомбылықты насихаттайтын идеология. Экстремистер өз мақсаттарына жету үшін күш қолданудан да тайынбайды. Кейінгі кездері әлем елдерінде дәстүрлі діндердің де атын жамылып, бейбіт күннің берекесін қашырған, қоғамда алауыздық тудырған діни экстремистік топтардың қылмыстық әрекеттері жиілеп кетті. Ал экстремизм ұғымымен қатар жүретін терроризм қоғамда одан да зор қауіп төндіретін аса үлкен әрі қаупі жоғары түйт-

кілдің біріне айналғанын жалпы қоғам жұртшылығы сезіне бастаған. Қорқыту, үрей туғызу арқылы саяси немесе басқа да мақсаттарға қол жеткізуді көздейтін зорлық-зомбылық әрекеттер тұтас елдің тәуелсіздігіне де қатер төндіретінін атап өтпеске болмайды. Террористік шабуылдар, әдетте, бейбіт тұрғындарға қарсы бағытталып, қоғамда тұрақсыздық пен үрей бұлтын туғызады.

Мәселенің тамыры
тереңде

Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризмнің тамыры тереңге кетіп, қоғамның қорқынышы мен алаңдаушылығын туғызуда. Олардың

пайда болуына көптеген фактор әсер етіп отыр. Мәселен, елдегі саяси тұрақсыздық, әлеуметтік әділетсіздік, жұмыссыздық, кедейлік, жастардың маргиналдануы, діннің бұрмалануы және жастардың діни сауатсыздығы – ел ішінде іріткі тудыруға алғышарт жасайтын аса өзекті мәселе. Бүгінде «діни экстремизм» термині жиі айтылып жүр. Дінді желеу етіп, шынайы дінге еш қатысы жоқ, адамгершілікке жат әрекеттер жасалып жатқанын күнделікті өмірден көріп отырмыз. Мұны сала мамандары да мойындайды.

– Әсіресе, оң мен солын танып үлгермеген, қоғамның ең осал әрі тез иланғыш әлеуметтік тобына жататын жастар арқылы жымысқы әрекеттерін таратушылар көп. Өкінішке қарай, жастар көбіне деструктивті діни ағымдардың арбауына тез ілігіп кетеді. Бұған интернет пен әлеуметтік желілердің де ықпалы аса зор. Түрлі жалған уағыздар, агрессияға жетелейтін контенттер TikTok, Telegram, VK сияқты платформалар арқылы жылдам тарап жатқаны жасырын емес.

(Жалғасы 2-бетте)

3-бет

«Цифрлық консультант»
іске қосылды

6-бет

Оралдық мүсінші Лондонда
қазақ туын желбіретті

8-бет

Көмбесі
көп жылдар

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЗАЛАЛЫ

Елімізде жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегетіндер саны артып келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа көбінесе қоғамның әлсіз топтары әйелдер мен балалар, қарттар ұшырайды.

Көп адамдардың пікірінше, отбасылық зорлық-зомбылық тек күйеуі мен әйелі арасында орын алады деген ұғым қалыптасқан, алайда, деректерге сүйенсек, ересек балалардың қарт аналары мен екелеріне сыйламаушылық танытып, былапыт сөздер айтып, отбасы тыныштығын бұзатынын көрсетіп отыр. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың орын алу себептері қызғаныш, жұмыссыздық, отбасылық құндылықтардың төмендеуі, алкоголь және есірткі өнімдерін тұтыну болып табылады.

Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтудан ұялады. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз – отбасылық-тұрмыстық қа-



тынастар саласындағы бір адамның екінші адамға қатысты физикалық және психикалық зардап келтіретіні немесе келтіру қаупі бар қасақана жасалған заңға қайшы әрекеті болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мемлекеттегі әлеуметтік маңызы бар

мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай құқықбұзушылықтың көбеюі отбасылық құндылықтың әлсіреп, жақындар арасындағы жылулықтың кеміп бара жатқандығын көрсетеді. Әлдінің әлсізге күш көрсетуі, азаматтың әйелі мен баласына қол жұмсауы жақсылықтың белгісі емес.

Құқықтық мемлекетте азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеуге, ар-намысына тиюге ешкімнің хақысы жоқ.

Мемлекет үшін әр отбасының орны бөлек, маңызы жоғары. Себебі үлкен мемлекеттің өзі шағын отбасылардан құралады. Отбасы құндылығының артып, ықпалының өсуі жақындар арасындағы жарасымдылықты сақтауға, қоғамға тәрбиелі, мәдениетті ұрпақ әкелуге септігін тигізеді. Бүгінгі таңда отбасы тыныштығын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бағытында елімізде атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Қоғамда зорлық-зомбылықтың залалы, оның теріс салдары үнемі ашық айтылып, жиі көрсетіліп тұруы керек санаймын.

Д.КАЛАБАЕВА,
Маңғыстау облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы –
сот отырысының хатшысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «Атырау MV Company» ЖШС (БСН 070540009102) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, «Мирас» шағынауданы, Т.Рысқұлов көшесі, 8-құрылыс. Тел. 8701 532 48 08.

8. «АРС-ЭНЖИН» ЖШС (БСН 221040027059) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 99-ғимарат.

14. «Артель Азия» ЖШС (БСН 210740005465) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Өскемен қаласы, М.Горкий көшесі, 50-үй, тел. 8777 855 6155.

17. «Алтын алма» өндірістік кооперативі (БСН 050440011315) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға ауылдық округі, Жылға ауылы, Қ.Сейдазов көшесі, 42-үй, пошта индексі 160901.

ӨРТУРА

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 12 маусымындағы №138 қаулысы негізінде Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№12 «Айтөлек» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 240840011161) оған Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің №12 «Рахат» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылғандығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайы бойынша қабылданады: 130200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы, Түкібай Айдаров көшесі, құрылыс 8, тел. 8(72934) 93627

4. «АИФН «TG Al-Farabi» АҚ (БСН 230540031730) (бұдан әрі – Қоғам) жалғыз акционердің шешімімен Қоғамды «TG Al-Farabi» ЖШС қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Қоғамның орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй. Қоғамның кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қоғамның барлық міндеттемелері бойынша тиісті кепілдіктерді ұсынуды немесе мерзімінен бұрын тоқтатуды және залалдарды өтеуді талап ете алады. Талаптар жазбаша түрде мына мекенжайға жолдануы тиіс: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй.

5. «АИФРИ «TG MED» АҚ, (БСН 230840043071) (бұдан әрі – Қоғам) жалғыз акционердің шешімімен Қоғамды ЖШС «TG MED» қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Қоғамның орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй. Қоғамның кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қоғамның барлық міндеттемелері бойынша тиісті кепілдіктерді ұсынуды немесе мерзімінен бұрын тоқтатуды және залалдарды өтеуді талап ете алады. Талаптар жазбаша түрде мына мекенжайға жолдануы тиіс: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй.

6. Павлодар облысы Ақсу қаласының ауданаралық сотымен Шульженко Татьяна Николаевнаң арзы бойынша, 1975 жылы туған азамат Шульженко Виталий Николаевичті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғалуына байланысты, ол туралы білетін барлық тұлғалардан осы ақпаратты хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімі ішінде: Ақсу қаласы, Строителей көшесі, 12-үй, тел. 8 705 706 90 12 мекенжайы бойынша Павлодар облысы Ақсу қаласының ауданаралық сотына хабарлауын сұраймыз.

7. «INGENICON» ЖШС (БСН 060540019277) жарғылық капиталының 393 000 (үш жүз тоқсан үш мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би ауданы, Ерубаяев көшесі, 12-үй, н.п.1. тел. +7701 900 15 74.

16. ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жіті ішек инфекциялары – бактериялар, вирустар немесе паразиттер арқылы таралатын, адамның ас қорыту жүйесін зақымдайтын **жуқпалы аурулар** тобына жатады. Оларға: дизентерия, сальмонеллез, ротавирус, іш сүзегі және басқа да аурулар жатады.

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:

Қолды сабындап жиі жуу: **тамақ алдында, дәретханадан кейін, сырттан келген соң;**
Балаларға да қол жуу дағдысын үйрету қажет.
Балалар мекемелерінде (балабақша, мектеп): асхана, дәретхана, қол жуу орындары санитарлық талаптарға сай болуы қажет.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жіті ішек инфекциясы жуққан жағдайда өздігінен емделуге болмайды. Міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет!
Ерте анықталып, дұрыс ем қабылданса, асқынусыз өтеді.

Г.БАЙМЕДЕТОВА,
ҚР ДСМ СЭБК
«ҰСО» ШЖҚ РМК

«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы»
Төлеби ауданындағы дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы

9. «КазНедраПроект» ЖШС (БСН 150240012931) жарғылық капиталының 330 200 000 (үш жүз отыз миллион екі жүз мың) теңгеден 200 000 (екі жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды.Барлық талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ермек Серкебаев даңғылы, 103/1 үй, 172-пәтер, тел. 8707 858 41 65.

БАНКРОТТЫҚ

10. Алматы қаласы МАЭС 26.10.2023 жылғы шешімімен «Global Holiday» (БСН 060740012920), заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 39-үй, 216-кеңсе, банкрот деп танылды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголя көшесі, 39-үй, 216-кеңсе, тел. 8707 858 4165.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PR» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молдохожный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.